

**Жетісу облысы Алакөл ауданы Бірғайты ауылдық округінің Ақши және Көктұма ауылдарының кейбір құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау туралы**

Жетісу облысы Алакөл ауданы Бірғайты ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 28 сәуірдегі № 17 шешімі. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2023 жылы 2 мамырда № 16-19 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, 2022 жылғы 30 наурыздағы облыстық ономастикалық комиссиясының қорытындысы негізінде, Бірғайты ауылдық округі Ақши және Көктұма ауылдары халқының пікірін ескере отырып, Бірғайты ауылдық округінің әкімі ШЕШТІМ:

1. Жетісу облысы Алакөл ауданы Бірғайты ауылдық округі Ақши ауылындағы атауы жоқ көшелер мен саябаққа келесі атаулар берілсін:

атауы жоқ көшеге – Д. Қонаев көшесі;

атауы жоқ көшеге – Абай көшесі;

атауы жоқ саябаққа – Тәуелсіздік саябағы.

2. Жетісу облысы Алакөл ауданы Бірғайты ауылдық округі Көктұма ауылындағы Достық көшесі Жанахмет Бегатаров көшесіне қайта аталсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Бірғайты ауылдық округі әкімі*

*К. Мукабаев Дауренбек*